



Автор: Shegirova Zhamal Saginowna
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Мәдени мұра
Тақырып: Мақала жаза аламын

Оқу мақсаты	4.3.2.1 – тірек сөздерді қолданып белгілі бір стильде мәтін (мақала, мінездеме, сұхбат) жазу.
-------------	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	«Көңіл күй букеті» әдісі - Көңіл күйлеріңіз қалай? - Керемет! - Сабаққа дайындығымыз қалай? Тамаша! - Ендеше бастайық! Бүгінгі сабақтың тақырыбы Мәдени мұра сыр шертеді бөлімі бойынша Мақала жазааламын. - Бұл тақырып бойынша -Мәтін стилін ажыратуды; -репортаж алуды үйренеміз. 1.Сөйлемнің дара мүшесі дегеніміз не?/Жеке сөзден жасалған сөйлем мүшесін дара мүше дейміз/ 2. Сөйлемнің күрделі мүшесі дегеніміз не?/Екі не одан да көп сөзден жасалған сөйлем мүшесін күрделі мүше дейміз/ 3.Сөйлемде қанша мүшенің қызметін атқарады?/Сөйлемде бір ғана мүшенің қызметін атқарады/ 4. Бірыңғай мүшелер қалай жасалады? /Бәрі бір сөз табынан жасалады/ 5. Бірыңғай мүшелердің арасына қандай тыныс белгісі қойылады?/Сөйлемдегі бірыңғай мүшелердің арасына үтір қойылады/ 6.Қосымша қалай жалғанады?/Қосымша бірыңғай мүшелердің әрқайсысына,кейде соңғы сөзіне ғана жалғанады/	«Көңіл күй букеті» әдісі «Серпілген сауал» әдісі Мақсаты: Өткен тақырыпты қай дәрежеде меңгергенін білу. «Үш шапалақ»әдісімен бағалау